Мектепте сабақ берген ұстаз он жыл өткен соң-ақ Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері төсбелгісіне ие болады. Киелі шаңырақтағы партада отырған жәудіреген бүлдіршіндерге сіңірген еңбегі облыстық білім беру департаменті басшылығының тарапынан еленіп, ұстаздың білімі, әрбір сабақты мағыналы, тартымды өткізуі лайықты бағаланды. Отыз алты жыл еңбек жолында талай тіл-әдебиет маманын қанаттандырып, өмірге ұшырған ұстаз қол жеткенмен тоқтап қалмады. Қандай бәйгеде болмасын алдыңғы лекке ілігіп, мектебіне марапаттармен оралып жүрді. Білім негіздерін насихаттау сайысында 1-орынға қол жеткігені үшін, 2002 жылы "Жыл мұғалімі" сайысында 3-орынды жеңіп алғаны үшін, Ұлы Жеңістің 65- жылдығына орай ұйымдастырылған Жеңіс эстафетасы акциясы аясында өткізілген "Жеңіс мұрагерлеріміз" атты қаламгерлер байқауына белсене қатысқаны үшін алғыс хаттар т. б. көптеген марапаттар жүрегіне ыстық.

Қайтып келмейтін үш нәрсе бар - ол уақыт, мүмкіндік, айтылған сөз дейді халқымыз. Алтыннан бағалы уақыты - жас ұрпаққа білім беруге бағытталған, ешқашанда жұлдызды сәтін уысынан шығарып алмаған, әрбір сөзімен тілдескен адамының жанын жадыратып, көңілін көкке өрлеткен Рауза Рахымқызының шығармашылығы да жылдар өткен сайын толысып, дами түсті. Бүгінде ол көптеген өлеңдердің авторы, шағын тойларды, шілдеханаларды ажарландырып, тартымды етіп басқарып та береді. Жаңа туған сәбиге шығарған өлеңінен бір-екі жол келтіре кетсек:

Дүниеге бөбек келді,
Өмір келді уілдеп.
Құлдық сенің даусыңнан,
Садағаңбыз, жан бөбек.
Жылдар бойы сағынышпен,
Аңсауменен сен келдің.
Сенің титтей жүрегіңнің
Дүрсіліне бөлендік....

деп барша әлемге қуанышын шаттана жеткізеді.

2008 жылы Астана қаласындағы "Фолиант" баспасынан жарық көрген "Аудан ардақтылары" кітабына енді. 2018 жылы Қарағанды қаласындағы "Экожан" баспасынан жарық көрген "Бұқардан бүгінге дейін" кітабында шығармашылығы жарияланды.

Рауза Рахымқызы мектепте қаншама жыл еңбек етсе, аудандық газетке соншама жылдар бойы тұшымды мақалаларын жариялап тұрды. Мен жаздым, сіздер маған төлеңіздер деп емес, замандастарым тартымды газетті оқысын, түсінсін, өзіндік ой қорытсын деп жазды.

Рауза Рахымқызы, сіздің шығармашылығыңыз оқырман үшін керек, талмай жаза беріңіз.

Жолыңызды қуған шәкірттеріңіз де биіктерден көрінсін. Біз сізге өмірдегі барлық жақсылықты тілейміз. Алда келе жатқан Ұстаздар күні құтты болсын!

**Қ.АХМЕТОВА**

# Баба ескерткішіне 5 жыл

***Осыдан 5 жыл бұрын, 19-шы қыркүйек күні қазақ тарихында ерекше орын алатын көрнекті қайраткер, Абылай ханның кеңесшісі Бұқар жырау Қалқаманұлына арналып Жыланды тауының етегінде ескерткіш көтерілген еді.***



Өткен бейсенбі күні аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастамасымен баба ескерткішінің алғашқы мерейтойы аталып өтті. Ұлт қайраткерінің ескерткіші алдында орындалған баба жырлары самал желмен ауданымыздың көк аспанын жаңғыртып, ескерткішке қатысты қызықты деректерден ақпарат беретін парақшалар таратылды.

Қайролла Маемеров ағамыз «Қызыққа тоймас адамзат», баба ұрпағы Қалиасқар Шыныбектегі «Хақтың үйі мешіт-ті» жырларын баян мен қос ішекті домбыраға салып орындаулары бойымызға жігер беріп, күш сыйлады.

Аудандық, облыстық Бұқар жырау оқуларының бірнеше мәрте жеңімпазы Ақжан Шыныбектегі көмекей әулиенің «Қорғанды шаһар қаласы» жырын орындағанда баба атындағы ауданымыздың осындай өрелі ұрпағы барда ұлт қайраткерінің есімі өшпесіне көзіміз жетті.

Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Төлеген Ргебаев ескерткіш алдына жиналған Ю.Гагарин атындағы, №1 қазақ тірек мектептерінің оқушыларына ауданымыздың баба есімімен аталуы біз үшін үлкен мәртебе екендігін, сол себепті өсіп келе жатқан ұрпақ ұлт қайраткері жайлы, оған байланысты атаулы күндердің баршасын білуге міндетті екендігін айтты.

- Еліміздегі көмекей әулие – Бұқар жырау Қалқаманұлы атындағы жалғыз аудан ретінде баба ескерткішінің бой көтеруіне елеулі үлестерін қосқан үш азаматты атап өткім келеді. Олар – өңір басшысы Шагурашид Мамалинов, ауданымыздың құрметті азаматы, мәдениет майталманы Мүгүлсім Шибаева және бұрынғы әкіміміз Нүркен Кобжанов. Осы жандардың ізгілікті бастамасымен бой көтерген ескерткішіміз - ауданымызға келген қонақтар басын иіп келетін орынға айналып, өңіріміздің атын асқақтатып тұр,- деді Төлеген Ргебаев.

Естеріңізге сала кетсек баба ескерткіші 2014 жылы 19-шы қыркүйекте қойылған болатын. Ескерткіш авторы мүсінші Бейбіт Мұстафин. Мемлекеттік комиссия ұсынысына сәйкес бетоннан жасалып, қола түстес бояумен сырланған ескерткіштің биіктігі – 8 м, 40 см, тұғыры – 4 м, 20 см, салмағы – 16 тоннаны құрайды.

Республика бойынша биіктігімен 2 орында тұрған ескерткіштің салтанатты ашылуында түркі дүниесінің дүлдүлдері мен бұлбұлдары жырдан алқа тағып, өнерлерін паш еткен болатын.

**Б.ЖАКЕШОВА**
**Ж.Макишевтің суреті**

# Бізде жақсы жаңалық

***Біраз уақытқа дейін шешімін таппай келген мешіт асханасының жер мәселесі өз шешімін тапты.***

Ағымдағы жылдың басында бұқаржыраулық жамағат үшін қуанышты хабар болған мешіттің күрделі жұмыстары әлі де жалғасуда. Бүгінгі күні мешіттің ішкі жөндеу жұмыстары толығымен аяқталып, сырты жылы қаптамамен қапталып, әрлеу жұмыстары бір айдың көлемінде аяқталады деп жоспарлануда. Сонымен қатар Алла үйінің қоршаулары мен брусчаткалары ауыстырылып, арбадағы мүгедектерге арналған пандустар қойылатын болды.

Мешіт сыртында жасалып жатқан толық жөндеу жұмыстары аяқталысымен қолға алынатын асхана құрылысы бойынша туындаған жер мәселесі шешіліп аз уақытта Алла үйінің 350 орындық асханасы бой көтеретін болады. Біраз уақытқа дейін шешімі шықпай келген асхана орналасатын жердің мәселесі бойынша жасалған жұмыстардың тездетілуіне аудан басшысы Ш.Мамалинов, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Б.Көпбаев, аудан әкімінің орынбасарлары С.Сатаев, А.Алимовтар үлкен көмектерін көрсетті деген бас имам Рүстем Акошов аты аталған басшыларымызға Алланың разылығы болсын деген ақ тілегін арнады.

Барша мұсылман бауырларымыздың басын бір арнаға қосатын имандылық ордасы –

Алланың жердегі үйін тұрғызғанмен бірдей болған сауапты істі қаржыландырып отырған - Қанат Нұрмағанбетов есімді азамат.

Халық игілігіне салынғалы отырған асхана шетелдік техникамен жабдықталмақ. Сонымен қатар, мәйітхана салынып, іші керекті – мұздатқыш, кондиционер т.б. жабдықтармен толықтырылады. Бұған дейін аурухана көлігін қолданып келген мешіт мәйітті алыс жолға апаруына қолайлы көлікке қол жеткізетіндігін де айта кеткіміз келеді.

**Б.ЖАКЕШОВА**

***Мемлекеттік тіл – менің тілім***

# Латынша диктант

***Ауданымыздың жұртшылығы латын қарпінде екінші мәрте диктант жазу науқанына белсене қатысып, жаңа әліпбиде сауатты жазуға машықтанды.***



Қазақстан халқы тілдері күніне арналған шаралар аясында ұлттық тілімізді насихаттау мен латын әліпбиін тәжірибелік тұрғыда жазуға дағдылануды мақсат еткен жалпыоблыстық диктантқа әр түрлі сала мамандарынан құралған 4000-нан аса адам қатысып, өз сауаттылықтарын тексеруге мүмкіндік алды. Облысымыз бойынша бір мезетте жазылған диктантқа ауданымыздың барлық кент, ауыл және ауылдық округтерінен мемлекеттік, халыққа қызмет көрсету орталығы, банк, медицина, құқық қорғау мекемелерінің қызметкерлері, мектеп оқушылары мен студенттер, бизнес өкілдері қатысты. Соның ішінде аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Е.Мадениетов, мемлекеттік кірістер бөлімінің басшысы Д.Абенов, музей басшысы О.Набиева, жастар ресурстық орталығының басшысы Е.Құрашев бастаған басшылар диктант жазып, өз тараптарынан белсенділік танытты.



Айта кету керек, былтырғы жылы қараша айында жалпыхалықтық диктант жазып, аз да болса дағдыланған тұрғындар бұл жолы өздерін еркін сезініп, бір демде латын қарпін меңгерудегі сауаттылықтарын сарапқа салатын мәтінді жазып шықты. Уақыт талабынан қалыспай рухани жаңғыру жолында әрдайым ізденіс үстінде жүретін тұрғындарымыз жаңа әліпбиге дағдыландыру жолында өткізілетін семинар-тренингтерден қалмай нәтижелі көрсеткішке жетіп отыр десек артық айтпағанымыз болар. Соның ішінде ауданымыз бойынша жазуға келген аға-апаларымыз латын қаріпіне көшу бастамасы қолға алынған шақта кирилл графикасында білім алған ересектер үшін жаңа әліпбиді игеріп кету қиынға түседі деген сөздерді жоққа шығарды. Солардың бірі, сапаны бақылау бөлімінің басшысы С.Шармонин аталмыш диктантқа алғаш рет қатысып отырғандығын айтады. Алғашқылар қатарын жалғаушы О.Набиева жұмыс барысында жаңа әліпбимен жазып үйренуге машықтануға көп көмегін көрсететін жаттығулар жасайтындығын, сол себепті диктант жазу аса қиындық тудырмағандығын айтады. Десе де, көп жазушылар «я», «ю» әріптерінің жазылуында қиналғандықтарын жеткізді.

«Бәсекеге қабілеттілік» тақырыбымен 3 абзац, 93 сөзден құралған мәтін аудио жазба түрінде дыбысталып, тұрғындардың мұқият тыңдауына, асықпай жазуына мүмкіншілік жасалды.



- Бүгінгі шараға қатысушылардың тең жартысы жалпыхалықтық диктант жазуға қатысқандықтан тұрғындар бұл жолы да еш қиындықсыз берілген мәтінді жазып шықты деп ойлаймын. Жазылған диктанттар тіл мамандарымен тексеріліп, үздіктер 26-шы қыркүйек күні өтетін облыстық диктантқа қатысады,- дейді аудандық тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Айжан Мұратхан.

Үстіне акут қойылатын төл әріптер, бір дыбыс беретін және қазақ тіліне тән емес таңбалардың жазылу емлесіне келгенде кенжелеп қалатындығымыз болмаса, жәйімен жаңа әліпбимізді меңгеріп келе жатырмыз.

«Көш жүре түзеледі» демекші, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашатын жаңа әліпбиді меңгеру мақсатында өткізіліп жатқан семинар мен диктанттар латын қарпіне өту жобасын қарқынды дамытуда деп айта аламыз.

***PS:** Диктант бағасы шығарылды. Әр сала өкілдерінен қатысқан 4081 адамның 860-ына 5-тік, 1882-сіне 4-тік, 1339-ына 3-тік деген баға қойылды. Үздік деп танылған 860-тың 3-еуі облыстық диктантқа қатысады. Сол үштіктің ішінде өз есімімді көру мен үшін күтпеген қуаныш. Елімізді әлемдік кеңістікке танытатын жаңа әліпбиді меңгеру жолында өзөзімізді сынға салатын диктантты қойылатын баға үшін емес, ұлт болашағы деп сенім артып жүрген халқымның үкілі үмітіне деген құрметінен болуы керек деп ойлаймын.*

**Б.ЖАКЕШОВА**

**Д.Торжановтың суреттерінде:** *сыныптарда диктант жазу көріністері.*

# Разъясняя Послание

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy
Послание Президента Республики Казахстан

***Продолжаются встречи акима района Шагурашида Мамалинова с трудовыми коллективами предприятий.***



10 сентября глава региона побывал в ТОО "Караганды кус", ТОО "Карагандинская хлебная компания", ТОО "Караганда осетр".

Основная цель поездок – разъяснить ключевые направления Послания Главы государства К.Токаева народу Казахстана «Конструктивный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана», проинформировать о государственных программах в целом и о социально-экономическом развитии района в частности.

## *Вышли на проектную мощность*

Первым объектом посещения стало ТОО «Караганда кус», расположенное в селе Сарыарка (бывшее Заречное) Уштобинского сельского округа. Птицефабрика яичного направления сейчас переживает второе рождение. Три года назад после двухлетнего простаивания предприятие выкупил казахстанско-арабский фонд прямых инвестиций «Falah Growth Fund». В модернизацию предприятия было вложено порядка 10 млн долларов, благодаря финансовым инвестициям было закуплено новое оборудование,



высококачественный сбалансированный корм, обновлено поголовье птицы.

Сейчас птицефабрика работает на полную мощность, говорит директор предприятия Вадим Мартынюк. В прошлом году птицефабрика вышла на проектную мощность, получив 145 млн яиц в год и обеспечив работой и стабильным заработком 165 человек, из них 80 процентов – это жители села Сарыарка и близлежащих населенных пунктов.

Жительница села Новостройка Галина Агишева в числе первых нашла работу на этом предприятии. Уже второй год работает здесь сортировщицей. В середине 90-х годов прошлого столетия педагог по образованию осталась без работы, пришлось осваивать новые специальности. До работы на «Караганды кус» сменила много мест. Работала дояркой на ферме, потом подвернулась работа на птицефабрике по соседству с Новостройкой. Платили везде по-разному, максимум две тысячи в день и без каких-либо социальных отчислений и отпускных.

- На «Караганды кус» есть социальный пакет, перечисляются пенсионные и социальные взносы, ОСМС, заработная плата выплачивается вовремя, - говорит Галина. – Один раз в месяц по себестоимости можем взять яйцо и куриное мясо. Оклад у меня небольшой, всего 60 тысяч тенге, надеемся, что нам повысят зарплату, руководство обещает.

- Отрадно, что на предприятии уделяют большое внимание трудоустройству местного населения, - говорит аким района Ш.Мамалинов. – Вопросы занятости и трудоустройства в числе приоритетных в работе государственных органов. Если есть потребность в кадрах или необходимо переобучение, то можно обратиться в Центр занятости или районный отдел занятости и социальных программ. Здесь в рамках государственной программы можно переобучить или подыскать специалиста через биржу труда. Вопросы занятости.

В беседе с коллективом предприятия аким района говорил также о важности работы с населением, налаживании обратной связи.

- С марта месяца по поручению Президента страны К.Токаева руководители разного уровня завели свои страницы в популярных социальных сетях. Сделано это для оперативного реагирования на запросы населения. И ответы на те или иные запросы должны публиковаться в течение одного часа, максимум – одних суток, - говорит аким района Ш.Мамалинов, приглашая к живому общению коллектив предприятия.

Встреча проходила в цехе сортировки и упаковки яиц. Подавляющее большинство здесь женщины, поэтому в своем выступлении руководитель района затронул тему социальной поддержки, акцентируя внимание на вопросах повышения качества образования, здравоохранения, внедрения ОСМС и др.

## *Икра «не заморская», осетровая*

Далее в рамках информационно-разъяснительной работы аким района Ш.Мамалинов встретился с коллективом ТОО «Караганда осетр».

До недавнего времени предприятие специализировалось на выращивании рыб осетровых пород, а с конца 2018 года занялись производством черной осетровой икры.

Напомним, уникальный проект по выращиванию рыб осетровых пород был запущен в 2016 году.

- Компания была зарегистрирована в 2013 году, в 2014 году началось строительство рыбного хозяйства и продолжалось в течение двух лет. Первоначальная стоимость проекта составляла более 600 млн тенге. Проект был реализован в том числе и с помощью государственной поддержки, - говорит директор ТОО Дмитрий Абильдин. – Для выращивания и разведения осетровой рыбы мы выбрали установку замкнутого водоснабжения, воду получаем из артезианских скважин. Вода проходит через систему УФ-стерилизации от бактерий и микроэлементов.

Сначала занимались производством мяса осетровых пород, а чуть меньше года перешли на икорное производство методом доения. Икрой заниматься очень интересно, говорит Дмитрий Абильдин. Черную осетровую икру от «Караганда осетр» уже можно встретить на рынках Караганды, Нур-Султана, Алматы под маркой «Qazaq Caviar».

На небольшом предприятии работает всего 6 человек. Система управления полностью автоматизирована и не требует больших трудовых затрат.

В ходе встречи аким района подчеркнул, что разъяснение Послания – важный этап при реализации этого программного документа. Кроме того, во время подобных встреч каждый может задать вопрос, получив исчерпывающую информацию из первых уст.

Вопросов акиму района было задано немного, в основном интересовались строительством газопровода и как скоро голубое топливо дойдет до села Уштобе. Руководитель района подробно рассказал о реализации этого важного проекта, который позволит обеспечить природным газом города и села сразу нескольких регионов страны.

- Строительство газопровода идет по графику, - говорит



аким района Ш.Мамалинов. – Проект будет реализован в несколько этапов. Первый этап уже практически завершен. Уже определены места установки автоматизированных газораспределительных станций, от которых и будут газифицироваться населенные пункты, в том числе и нашего района. Скорее всего в село Уштобе и еще несколько населенных пунктов подача газа будет от АГРС г.Караганды. Для этого необходимо разработать проектно-сметную документацию на строительство газопровода в нашем районе.

**А.ЖУМАКАЕВА**
**Фото Д.Торжанова**

# Стартовала кампания прикрепления к поликлиникам

***С 15 сентября по 15 ноября казахстанцам предоставляется возможность прикрепиться по своему выбору к организациям здравоохранения, оказывающим первичную медико-санитарную помощь (ПМСП).***

В текущем году это можно сделать на веб-портале электронного правительства eGov. Для процедуры необходима электронно-цифровая подпись (ЭЦП), сообщает пресс-служба Фонда соцмедстрахования.

«При наличии вопросов и затруднений, консультанты ЦОНов помогут произвести необходимые действия для прикрепления через госкорпорацию "Правительство для граждан", - сообщила директор департамента организации закупа медицинской помощи Фонда социального медицинского страхования Ляззат Алимова. - Автоматизация прикрепления сводит к нулю риски приписок, которые существовали прежде, теперь будет невозможно подделать запрос на прикрепление. Подобное раньше проделывали недобросовестные поставщики, и гражданин, который не думал менять поликлинику, вдруг обнаруживал, что числится в другой медорганизации».

Важно обратить внимание населения, что принцип свободного выбора организации работает в пределах одной административно-территориальной единицы, где проживает гражданин. В городах областного и республиканского значения - это район.

«Раньше свободный выбор поликлиники не ограничивался территориальной единицей. На практике это создавало ряд сложностей по обслуживанию на дому. Людей, прикрепленных не по прописке, было сложно обеспечить посещениями на дому, в том числе патронажем беременных и новорожденных, - пояснила Ляззат Алимова. - В этой связи в нормативную базу были внесены изменения по обеспечению территориальной доступности, и теперь выбрать организацию ПМСП можно в пределах одного района города, где обычно есть несколько субъектов ПМСП».

При прикреплении приоритет отдается принципу семейного обслуживания, когда в одной поликлинике обслуживаются и дети, и родители. Лиц, не достигших 18 лет, вправе прикрепить законные представители ребенка. Отказ в прикреплении возможен гражданину, проживающему не в зоне обслуживания, закрепленной за данной организацией ПМСП приказом управления здравоохранения, если организация ПМСП перегружена. По существующим нормативам, на участке у врача общей практики должно быть не более 1700 пациентов.

«Разукрупнение участков снизит нагрузку на врача, улучшит качество обслуживания пациентов. Доктор должен уделить достаточное внимание человеку, пришедшему на прием. Фонд последовательно создает условия для улучшения медобслуживания. Это особенно актуально накануне введения медицинского страхования», — отметила Ляззат Алимова.

По результатам кампании прикрепления региональные комиссии Фонда проведут процедуры размещения объемов ПМСП на предстоящий год. Обращаться за медпомощью в выбранную новую поликлинику можно будет с 1 января 2020 года. До конца текущего года вас продолжат обслуживать в прежней организации ПМСП. Прикрепление в период кампании — не единственный способ реализовать свое право выбора. Поменять поликлинику можно и в текущем году, если меняется место жительства более чем на один месяц.

Если в самой поликлинике произошла реорганизация, и она выбыла из числа поставщиков Фонда. И даже без всяких причин у вас есть право один раз в год сменить организацию прикрепления в пределах территории проживания. Кампания прикрепления проводится только среди организаций здравоохранения, зарегистрированных в Базе данных субъектов здравоохранения, претендующих на оказание медицинских услуг в рамках ГОБМП и в системе ОСМС. База данных размещена на интернет-ресурсе Фонда социального медицинского страхования.

# Еңбек ұжымдарында талқыланды

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy
Послание Президента Республики Казахстан

***Қыркүйек айының 16-жұлдызында аудан әкімі Ш.Мамалинов өңіріміздегі Кузнецкий және "Сәт көмір" кеніштерінде болып, онда жұмыс атқарып жатқан ұжым мүшелерімен кездесті. Басшымен бірге аудан орталығындағы мекемелердің басшылары да осы еңбек ұжымдарымен кездесу үшін жолға шықты.***



Табиғатымыздың берген көлкөсір байлығы аудан өңірінде тұрып жатқан адамдардың қажетіне жарап, қаһарлы қыстарда үйлеріміз осы кеніштердің өндірген көмірімен жылытылады. Вахталық әдіспен осы жерге келіп еңбек етіп жатқан азаматтар аталған уақытта жиын өтетін жерден табылды.

Кузнецкий көмір кенішіндегі кездесу өзара жылы қарым-қатынаста өткенін айта кету керек. Президентіміз Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдаған жолдауы жермен жұмыс істеуге, мал басын көбейтуге, балаларға қатысты қалмыстарды, зорлық-зомбылықтарды, жануарларды қыруды азайтуға, міндетті медициналық сақтандыруды сауатты жүзеге асыру тақырыбында өрбіді. Өңір басшысының сөзін жұртшылық қызығушылықпен тыңдады.

Мемлекетіміздің бір бөлшегі болып отырған біздің Бұқар жырау ауданына да жолдау алдағы уақытта жүзеге асыратын тапсырмалар береді. Әрбір деңгейдегі әкімдер - ауыл, аудан, облыс басшылары, аудан әкімдігіндегі бөлім басшылары, мәдениет, өндіріс, жер қатынастары т. б. осы уақытта әлеуметтік желіде парақшаларын ашып, халықпен тікелей жұмыс жасауда. Желі арқылы әрбір тұрғын билік басындағы азаматтардың жазбаша түрде берілген өтініштері бойынша мәселелерін қалай шешіп жатқандарын біліп отырады. Әрбір тұрғынның көтерген мәселесін шешу бойынша бекітілген уақыт бар, сол уақытың ішінде басшы тиісті жауабын беруі тиіс. Депутаттар да өз жұмыстарын күшейтулері керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бүкіл жұртшылық шығып, еліміздің дамуына өз үні мен еңбегін қоғамдық қауымдастық мүшелері де қосып жүр. Бір жерде жөндеу жұмыстары жүргізілетін болса, қоғамдық қауымдастық мүшелері жөндеушілермен бірге жүріп, барлық жұмыс барысына қатысты өз көзқарастарын айтып, кемшін тұсын қайтадан жасатуға құқығы бар.



Өміріміздің, дамуымыздың қандай да бір саласына қатысты бағыт беретін жолдауды әрбір мекемеде түсіндіру, талқылау дәстүрге айналған. Ауылдық жерде тұрып мал шаруашылығын дамытпау, баубақша өсірмеу мүмкін емес. Қыстың әрбір күніне азық-түлік әзірлеу үшін әрбір жаздың күнінің әсері көп. Мемлекетіміз мал өсіру үшін, олардың азығы - шөбін шауып алу үшін шаруа адамынан ешқандай салық алмайды. Бүгінгі таңда қазақтың ақ бас сиырларының ауыл адамына әкелетін пайдасы шаш етектен. Бір басының өзі шамамен 600-700 мың теңге шығаратын сиыр малы әрбір ауыл адамының қорасында тұрса, одан ауыл адамының тек ұтары анық.

Ал елімізге тән бір мәселе - жұмыссыздықпен күрес болса, бұл жолда да атқарылып жатқан шаруа орасан зор. Аудан орталығындағы жұмыспен қамту орталығы қызметкерлері осы уақытта жүздеген адамдарды жаңа мамандықтар игеру



үшін қаладағы түрлі курстарға жіберген. Үлкен қалада олардың тұратын жерлері, тамағы, жол ақысы - бәрі де мемлекет тарапынан қамтамасыз етіледі. Оқуға барғандардың мамандықты игеруге талпынысын тудыру үшін мемлекет ақшалай қаражат бөліп, жанашырлық көрсетіп отыр. Заман талабы - бір адамның бірнеше мамандыққа бейімділігін ашу, белгілі бір адам қай жерде қандай маман керек болса, сол тапшы болып отырған мамандық бойынша еңбек етіп кетуге дайындау.

Екі көмір өндіру кенішінде де айтылғандар - еңбек адамының өмір сүру деңгейін қалайша көтеруге болады, жаман қылықтардан алшақ болу, еңбекті жақсы көру, еліміздің табысты болуына қызмет ету, барлық ісіміз бен әрекеттерімізді Ата Заңымыздың аясында жүргізу, жең ұшынан жалғасудан аулақ болу, мектептердегі білім беру сапасын арттыру, ауыл мектебінің білім беру сапасын қала мектебінің деңгейіне жеткізу, салынып жатқан жолдар, тұрғын үйлер басқа да құрылыстарды қадағалау, өркенді елдің ұрпағы - бала тәрбиесіне белсене араласу, ауыл шаруашылығын дамыту, асыл тұқымды мал өсіру, малдың азығына қажетті шөптер егу жайында болатын. Және де осы айтылғандарды жиналғандардың туғандары мен туыстарына жеткізуге өтініш білдірілді.

**Қ.АХМЕТОВА**

**Д.Торжановтың суреттерінде:** *Ш.Мамалиновпен жолдау бойынша кеңесу.*

# Присвоены почетные звания

***Сразу три человека стали обладателями звания «Почетный гражданин Бухар-Жырауского района». На 39 сессии районного маслихата, состоявшейся 19 сентября т.г., депутаты единогласно поддержали представление акима района о присвоении почетного звания Жамбылу Артыкбаеву, Айтбаю Жумагулову и Тлеубаю Кусаинову.***

***Все три кандидатуры предварительно были обсуждены на заседании соответствующей комиссии и поддержаны большинством голосов, отметил заместитель акима района Айдын Алимов, зачитав краткую информацию о каждом из кандидатов.***

Жамбыл Омарович Артыкбаев – профессор Евразийского национального университета им.Л.Н.Гумилева, старший научный сотрудник научно-исследовательского центра «Межэтнических отношений и толерантности Ассамблеи народа Казахстана», педагог, историк, писатель-драматург.

Айтбай Ботпаевич Жумагулов – старший преподаватель кафедры казахской литературы филологического факультета Карагандинского государственного университета им.Е.Букетова, поэт-айтыскер, кандидат филологических наук, доцент кафедры казахской литературы.

Тлеубай Кокырович Кусаинов – директор филиала некоммерческого акционерного общества «Государственная корпорация «Правительство для граждан» по Карагандинской области.



Согласно решения Карагандинского областного маслихата №62 от 28 июня 2012 года и внесенным 25 ноября 2016 года изменениям, звание «Почетный гражданин области (города, района)» присваивается за особые заслуги, значительный вклад в социально-экономическое развитие региона и чья биография связана с Карагандинской областью не менее 10 лет.

Как известно, звание «Почетный гражданин области (города, района)» является выражением общественного признания многолетней деятельности граждан, их способностей, дарования, инициативы и ответственности и призвано повышать общественную активность граждан, поощрять их усилия в деятельности по экономическому, социальному развитию региона, воспитывать молодое поколение в духе казахстанского патриотизма, ответственного отношения к труду и укрепления дружбы между народами.

Согласно внесенным изменениям, почетное звание присваивается один раз в год, но не более чем трем гражданам и приурочивается к государственным и национальным праздникам. В прежней редакции звание присваивали ежегодно не более двум гражданам ко Дню Конституции и Дню независимости страны.

**А.ЖУМАКАЕВА**

**На фото Д.Торжанова:** *депутаты единогласно поддержали.*

# Сообщение

***В соответствии с Законом Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» от 23 января 2001 года №148-II Бухар-Жырауская районная избирательная комиссия РЕШИЛА:***

***Зарегистрировать кандидатами в акимы:***

| Наименование населенного пункта | Фамилия, имя, отчество | Число, месяц, год рождения | Место работы, должность | Местожительство | Дата регистрации |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| **поселок Ботакара** | Аяпбергенов Алмас Хазбулатович | 17.03.1986г. | ГУ "Аппарат акима поселка Ботакара Бухар-Жырауского района Карагандинской области", заместитель акима | Карагандинская область, поселок Ботакара | 17.09.2019г. |
| | Жунусов Дархан Мухаметжанович | 03.03.1988г. | Отдел Бухар-Жырауского района Департамента земельного кадастра и недвижимости филиала НАО "Правительство для граждан", специалист | Карагандинская область, поселок Ботакара | 17.09.2019г. |
| | Купенов Амангельды Макатович | 22.11.1971г. | ГУ "Отдел сельского хозяйства Бухар-Жырауского района Карагандинской области", заместитель руководителя | Карагандинская область, село Белагаш | 17.09.2019г. |
| **Каражарский сельский округ** | Жунусова Асель Сунгатуллаевна | 01.08.1988г. | ГУ "Аппарат акима сельского округа Баймырза Бухар-Жырауского района Карагандинской области", главный специалист | Карагандинская область, село Баймырза | 17.09.2019г. |
| | Кенжекееева Сымбат Боранбаевна | 17.11.1977г. | ГУ "Аппарат акима Каражарского сельского округа Бухар-Жырауского района Карагандинской области", аким | Карагандинская область, село Каражар | 17.09.2019г. |
| | Тулеуов Мейрам Игликович | 07.10.1977г. | ГУ "Бухар-Жырауский районный отдел культуры и развития языков", главный специалист | Карагандинская область, поселок Ботакара | 17.09.2019г. |
| **Умуткерский сельский округ** | Кабкенов Жанат Зейнуллаевич | 18.11.1986г. | ГУ "Аппарат акима Бухар-Жырауского сельского округа Бухар-Жырауского района Карагандинской области", главный специалист | Карагандинская область, село Бухар-Жырау | 17.09.2019г. |
| | Казыбекова Жулдыз Талгатбековна | 08.02.1984г. | ГУ "Аппарат акима Умуткерского сельского округа Бухар-Жырауского района Карагандинской области", главный специалист | Карагандинская область, село Умуткер | 17.09.2019г. |
| | Кенжебаев Ерлан Киякович | 20.02.1981г. | ГУ "Аппарат акима Кызылкаинского сельского округа Бухар-Жырауского района Карагандинской области", главный специалист | Карагандинская область, поселок Ботакара | 17.09.2019г. |
| **Уштобинский сельский округ** | Амре Аскар Саинулы | 20.02.1980г. | ГУ "Аппарат акима Гагаринского сельского округа Бухар-Жырауского района Карагандинской области", аким | Карагандинская область, село Уштобе | 17.09.2019г. |
| | Байгожин Ануар Муратович | 07.05.1989г. | ГУ "Аппарат акима Доскейского сельского округа Бухар-Жырауского района Карагандинской области", аким | Карагандинская область, поселок Ботакара | 17.09.2019г. |
| | Масаинов Биржан Бабашевич | 15.03.1972г | КГП "Ботақара су кожалығы", специалист по кадрам | Карагандинская область, город Караганды | 17.09.2019г. |
| | Рысқалиұлы Рүстем | 15.03.1988г. | ГУ "Аппарат акима Карагандинской области", главный специалист отдела государственно-правовой работы | Карагандинская область, город Караганды | 17.09.2019г. |
| | Шаяхов Саят Нургазыевич | 13.05.1983г | ГУ "Аппарат акима Карагандинской области", главный специалист-государственный аудитор | Карагандинская область, город Караганды | 17.09.2019г. |
| **Центральный сельский округ** | Лекеров Асхат Бакытпекович | 03.07.1985г. | ТОО "АЭСТ БИЛДИНГ", мастер отделочных работ | Карагандинская область, город Караганды | 17.09.2019г. |
| | Мейрманов Самат Баимбетович | 18.05.1986г. | ГУ "Аппарат акима села Суыксу Бухар-Жырауского района Карагандинской области ", аким | Карагандинская область, село Суыксу | 17.09.2019г. |
| | Сагимбеков Аскар Алпысбаевич | 23.07.1986г. | Временно не работает | Карагандинская область, село Ростовка | 17.09.2019г. |

**Бухар-Жырауская районная избирательная комиссия**